

## ЖАСТАРДЫҢ ЕҢБЕКПЕН ҚАМТЫЛУЫ ЖӘНЕ ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІН ӘЛЕУМЕТТІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

*Исина С.С.,  
Магистр, аға оқытушы,  
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті*

Қазіргі мемлекеттердің өзінде әлеуметтік-еңбектік қатынастарындағы еңбек нарығы мен еңбекпен қамту кеңістігіндегі әртүрлі еңбекке қабілетті категория топтарының мүмкіншіліктеріне және құқықтарына қысым салу, негізсіз шектеу әрдайым еріксіз орынға ие болады. Дискриминацияға, яғни еріксіз әлеуметтік-еңбектік қатынастардағы субъектлердің құқықтарын шектеу, еңбек нарығындағы тең мүмкіншіліктерге қол жеткізуге кедергі келтіру жағдайына жұмысшылардың кез-келген әртүрлі категориялары тап болуы мүмкін. Дискриминация жынысы, ұлты, нәсілі, жасы және тағы да басқа да түрлері болады. Біздің еліміз үшін еңбек нарығындағы маңызды мәселелері бар топтарға жастарды жатқызамыз.

Әлеуметтік-еңбектік қатынастардағы тең мүмкіншіліктер туралы Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Халықты еңбекпен қамту» Заңында, Қазақстан Республикасының еңбек Кодексінде көрсетілген. Алайда оларды жүзеге асыру нақтылығы объективті және субъективті кедергілерге соқтығысады, нәтижесінде, еңбекпен қамту кеңістігіндегі тең мүмкіншіліктердің саясатына бақылау жасайтын және жүзеге асыратын нормативті құжаттардың субъектілері, қоғамдық институттардың тапшылығы дұрыс анықталмағандығын тереңдете түседі.

23 жастан жоғары жастар алғашқы рет еңбек нарығына енгендер, олардың қатарына жоғары оқу орындарын бітіргендер жатады. Мемлекет оларды жұмысқа орналастыруға қатыспағандықтан жұмыссыздық мәселесі тереңдей түседі. Жастардың жұмыспен қамтылуында маңызды рөлді жастардың экономикалық тәртіптегі стратегиялары ойнайды, яғни жастардың жұмыс рөлін бағалау ерекшеліктері.

Жұмысты тек материалдық игілік және материалдық дүние қайнар көзі ретінде қарастырады. Тәртіптің осындай түрі нарыққа өте жақын, ол жалақыға деген саналы бағдарды, қызмет мазмұнына тәуелсіз, сыртқы материалдық стимулдарды туғызады. Бұл стратегияны ұстанушы жастар тобы өте белсенді, нарықтық қатынастарға жеңіл енеді, қызмет түрін ешбір қиындықсыз ауыстырады, тез арада жаңа жұмыс орын тауып, жастардың нарыққа енудегі экономикалық қиындақтарын жеңілдететін жалпы мемлекеттік жастар саясатына сенбей, тек өзінің немесе туыстарының күшіне сенеді.

Экономикалық тәртіптің кәсіби стратегиясын ұстанушылар үшін «жұмыс», жеке тұлғалық қабілеттерді ашу, мамандық бойынша көтерілу, ынта мен шығармашылықтың көрінуін жоспарлайтын құндылық болып табылады. Жастардың осы тобы үшін жұмыстың мазмұны дербес құндылықты сақтау болып табылады. Егер кәсіби стратегияны ұстанушылар жұмысынан

айырылатын болса, жартысынан көбі жаңа орынды тек мамандығы бойынша іздейді. Бұл олардың жұмыспен қамтылу мүмкіндіктерін шектейді.

Үшінші экономикалық стратегия парықсыз немесе конформистік деп аталады. Осы стратегияны ұстанушылар үшін жұмыс ешбір принципті құндылықты туғызбайды, яғни барлық жұмыс бірдей, жұмыс істемесе тіпті жақсы деген ұранды ұстанады. Кез-келген жұмысқа бейімделуге дайын, жұмыс орнын жоғалтқаннан кейін, мамандығын оңайлықпен ауыстырады немесе кәсіби амбициялары жоқ және мамандық бойынша өсуге тырыспайды. Олардың қызығушылық кеңістігі жұмыстан алшақ жатыр.

Жоғарыда көрсетілген еңбек нарығындағы жастардың мәселелері, әлеуметтік жұмыстың жұмыспен қамту кеңістігіндегі жастардың жағдайларын ұйымдастырудың бастапқы негізі болып табылады.

XXI ғасырдың экономикасы басқа жұмыс күшін қажет ететін жоғары технологиялық мүмкіндіктерді қолданумен құрылатыны анық. Басты рөл дамушы еңбек нарығындағы талаптарға жауап беретін жастарды кәсіби дайындау және қайта даярлау жүйесін қайта құруға бағытталған. Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» өзінде: Адам ресурстарын даярлау сапасын арттыру, жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының басымдықтары негізінде көп деңгейлігі білім берудің ұлттық жүйесін жаңғырту туралы жазылған. Ал міндеттерінің біріне, экономиканың барлық салалары үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың сапасын арттыру болып табылады.

Әлеуметтік экономикалық өзгерістердің туындауымен қазақстандық жастар алдында жаңа міндеттер пайда болды, ол әрбір жас адамнан тұлғалық әлемді танушылықты талап етеді.

1. «Сапалы, жарқын білім» - қазақстандық қоғамның ұлттық жобасы. Білім алу жоғарғы құндылық, жас ұрпақтың әлемге көзқарасын қалыптастыру, бұл социумның мотивациялық және мәдени құраушысы, қаржы және рухани дағдарысты шешу жолы.

2. «Креативті, мобилді тұлға» - Қазақстанның табысты, динамикалық, инновациялық экономикасы креативті, мобилді, білікті ойларды жүзеге асыра алатын, стандартты емес шешімдерді табатын, шығармашылық өзін жүзеге асыруға деген тілегі бар, оларды өмірде қолданатын тұлғаларды тәрбиелеуіне байланысты.

3. «Бәсекеге қабілетті, кәсіби тұлға» - мемлекеттің стратегиялық міндеті. Бұл тренд жетістікке жетуге бағытталған жаңа формациядағы адамдарды тәрбиелеу. Нарықтық қатынастар жағдайында белгілі бір аймақтағы маман, жоғарғы бәсекеге қабілетті тұлға қызмет мақсатын нақты анықтайтын, нұсқаларды болжайтын, кәсіби және өмірлік карьераны дамытуға үлес қосатын тұлға болып табылады.

4. «Жоғарғы ақпараттық мәдениет» - қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды игеру, адамның XXI ғасырда қол жетімді ақпараттық

базасын жүйелеп, талдай алу шеберлігі, оның мәліметтерін моралдық этикалық аспектіде тұлғалық және кәсіби өсу ретінде қолдану.

5. «Өмірлік нақты стратегия» - қажетті компоненттердің тұтастық және көпәспекттілі білімі. Индивидтің әлемге көзқарасын қалыптастыру бағдары, нақты құндылықтық бағдарды қалыптастыру, инициатива көрсету, нәтижелерді адекватты бағалау және т.б. қалыптастыру.

6. «Жоғарғы біліктілік»: бұл трендтің мазмұнына келесі аспектілер енеді: белгілі бір жағдайды әрбір адамның мәселелік тәжірибелік адекватты түсінуі және белгілі бір кәсіби аймақтағы міндеттер мен нормаларды орындауда мәндік мағыналы өмірлік стратегияны, өзінің шексіз мүмкіндіктерін жүзеге асыру. Аксиологиялық - адамның өмірлік жағдайларды жалпы мәнді құндылықтар жағынан адекватты бағалай алу қабілеттілігі.

7. «Тұлғалық өсу» - өзін өзі жетілдірудің ішкі өлшемдер процесі, қақтығыстарды (ішкі, сыртқы) жеңу, тұлғалық потенциалды анықтау, алға қойылған мақсатты жүзеге асыру.

Жоғары мамандандырылған білім беру жүйесінде еліміздің ең жақсы жоғары оқу орындарында мамандандырылған кадрларды даярлау үшін мемлекеттік тапсырыс механизмі енгізіледі; мамандандырылған тәжірибе, студенттік сынақ мерзім (стажировка), түлектердің еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру үшін жұмыс берушілерді кірістіру; Қазақстан Республикасы 2003-2015 жылдарды индустриалды-жаңашылдық даму Стратегиясының жүзеге асуын қамтамасыз ететін, техникалық мамандықтар бойынша жоғары квалификацияланған сәйкесінше кадрларды даярлауға жағдай жасау.

Жастарды жұмысқа орналастыру кеңістігіндегі мәселелерді шешуде, әлеуметтік жұмыстың ұйымдастырушылық-экономикалық бағытындағы кәсіби-ақпараттық және кеңес беру жүйесінің тәжірибе қызметі аса пайдалы. Осылардың тағайындалуы бәсекелестікті жоғарылатып, жастардың еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтарды таңдауларына ықпал жасар еді. Мұндай жүйеде индивидуалды және топтық жұмыс формаларын жүзеге асыруға болушы еді (ақпараттық-оқыту курстары, кәсіпкерлік қызмет және өзіндік дербес жұмыспен қамтылу бойынша бағыт беретін бизнес-клубтардағы топтық сабақтар, әлеуметтік-психологиялық бағдарламалар, коммуникативті мәдениет дағдыларын дамыту және тағы басқалар

Қазақстан Республикасының «Халықты еңбекпен қамту» Заңында жас адамның еңбекпен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелуі, жұмыссыздың орталықпен құқықтық қатынасқа отырғандығын көрсетеді. Бұдан былай еңбекпен қамту орталығы тіркелген жұмыссызға жұмысқа орналасуға, кәсіби кеңес беруге, кәсіби даярлауға және қайта даярлауға, бос жұмыс орындары туралы мәлімет беруге, қажет болған жағдайда қоғамдық жұмыстарға қатысуға және нақты әлеуметтік қолдау ретінде жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға қатысуға жәрдемдесуге тиіс [1]

Мемлекет жастардың өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, ғылым мен техниканың, мәдениет пен өнердің, білім берудің, денсаулық сақтаудың түрлі

салаларында жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуге жәрдемдесетін кәсіпкерлерді көтермелейді. Әлеуметтік жұмыстың ұйымдастырушылық-экономикалық бағытындағы мемлекеттік лицензияланған мекемелер, яғни халықты жұмысқа орналастыру қызметтері, халықты жұмысқа орналастыру орталықтары, жұмысбастылық мәселелерімен айналысатын өкілетті органдар және тағы басқалардың негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстанда мұндай қызметтің формаларына мемлекетте қызмет ететін еңбек биржасының өзгешелігі көп жастар еңбек биржасы кең тараған. Өзгешеліктері, біріншіден, қызмет көрсету контингенті өте тар (көбінесе жастар), сонымен қоса қызмет жағынан да өзгешелінеді (жәрдемақы төленбейді). Жастар еңбек биржасының специализациясы қызмет көрсету сапасын көтеруге алғышарттар жасайды. Екіншіден, жастар еңбек биржасы көбінесе коммерциялық негізде қызмет көрсетеді (ерекшеліктер де болуы мүмкін).

Жастарды жұмысқа орналастыру мақсатында көптеген арнайы бағдарламалар қызмет етуде «Жастар тәжірибесі», «Жұмыссыздардың әлеуметтік адаптациясы», «Жастар қоғамдық жұмысы» және тағы да басқа. Мысалы: «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы 26 жасқа толмаған, еңбекпен қамту орталығында 3 айдан артық мерзім жұмыссыз деп тіркелген жас жұмыссыздарды жұмысқа орналастырумен айналысады. «Жасөспірімдерді уақытша жұмысқа орналастыру» бағдарламасы полиция бөлімшелерінде тіркелген жасөспірімдерді уақытша жұмысқа орналастырудың түрлі нұсқаларын іздестіруде.

Еңбекпен қамту қызметі мамандарының пікірі бойынша, жұмыстан шыққан адамдардың белсенділігі төмендейді екен. Жас жұмыссыздарға пассивтілік және иждивенділік позиция тән, себебі жағдайларын уақытша деп санаған жас жұмыссыздар көмекті ата-ана, таныстар, мемлекеттік қызметтерден тосады. Жұмыссыздық жағдайын шешу жас клиенттің индивидуалды ерекшеліктерімен байланысты, ол үшін өз тәртібін реттей алатын, дербес шешімдер мен іс-әрекеттерді қабылдай алатын тәжірибе қажет. Әрине жас жұмыссызда ересек жастағы жұмыссызға қарағанда мұндай тәжірибе жоқ және болса да өте төмен деңгейде. Осыған орай психологиялық қолдаудың мақсаты, жас жұмыссыздың жұмыссыздық мәселесін продуктивті шешіп, клиентте мақсатқа бағытталған белсенділікті тудыру.

Түлектерде тәжірибе болмағандықтан, оларды жұмысқа әрдайым ала бермейді. Сонда түлектерде тек қана жұмыс тәжірибесі жоқ емес, сонымен қатар осы тәжірибені алу мүмкіндігі жоқ. Бұл мәселені шешу үшін түлектерге арнайы жұмыс орнын квоталау механизмін жүзеге асыру қажет. Қазіргі кезде бұл механизм тәжірибеде жекелеген халық категорияларына мүгедектерге, жетім балаларға, көпбалалы отбасы балаларына қолданылады. Жас түлектердің жұмыс тәжірибесін шешу жолдарына төмендегіні жатқызуға болады:

1. Жұмыс берушілер жас түлектерді жұмысқа алу үшін, оларға салық жеңілдігін ұйымдастыру керек. Бұл идеяны депутаттық комиссия және атқарушы орган комитетінің көмегімен ғана жүзеге асыруға болады. Ең алдымен бұл стратегиялық идеяны жүзеге асыру үшін нақты қаржылық есеп қажет.

2. Жоғары оқу орындары түлектерінің қажетті жұмыс тәжірибесін жинаудың келесі түріне бір жолғы уақытша жұмысқа орналастыру мүмкіндігін жатқызуға болады. Бұндай уақытша жұмыс тізіміне жарнамалық акциялар, маркетингтік зерттеулер, социологиялық сұрау, саясат кеңістігіндегі жұмыс, қоғамдық жұмыстар, қоғамдық ұйымдарда волонтер ретінде қызмет ету жатады. Түлектердің уақытша жұмысқа орналасуы, оларға тәжірибе жинап қоймай, сонымен қатар репутация жинауға мүмкіндік туғызады.

3. Жоғарыда көрсетілгендер тізімінен басқа жастар тәжірибесі механизмі бар. Жастар тәжірибесін еңбекпен қамту қызметі ұйымдастырады. Алайда, жас түлекке төленетін жалақының жартысын еңбекпен қамту қызметі төлегенмен жұмыс берушіге жұмыс тәжірибесі жоқ жас маманды жұмысқа алу тиімсіз[2].

Бүгінгі таңда республика бойынша, барлық жастар ұйымдары қызметтерінің белсенділігі байқалады. Жастар ортасында сана-сезімнің артуы байқалып, жауапкершілік, парыз және бастамашылық сезім орын алуда.

Жалпы алғанда, жастар ұйымдарын бірнеше топқа бөлуге болады. Мәселен, біріншіден, мемлекет тарапынан құрылған ұйымдар, екінші, саяси партиялардың жастар қанаттары, олар партия тарапынан қолдау алып, солардың есебінен қаржыландырылып отырады. Осы ретте алдыңғы қатарда тұрған, еліміздің белді партиясы болып саналатын «Нұр Отан» ХДП-ның қолдауымен құрылған «Жас Отан» жастар қанатының жасап жатқан жұмыстарын ерекше бөліп айтуға болады. Үшіншісі, өз беттерімен, жеке өздерінің бастамашылығымен құрылған топтар деп қарастыруға болады.

Жастарды қоғамдық жұмысқа тарту жастар еңбек жасақтарын құру жолымен жүзеге асатын болады. Бұл жастар әлеуметтік жасағы, жастар құқық тәртібі жасағы, ауылды дамыту жасағы мен көгалдандыру, абаттандыру, құрылыс, жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеп, қайта жаңғырту жасағы.

Техникалық және кәсіптік білім беру мекемесінің түлектері үшін деректер базасы құрылатын болады, оның ішінде, сертификатталған, «enbek.gov.kz» сайтынан жұмыспен қамтуда нақты болжам жасалып, жоспарлауға мүмкіндік береді. Екінші кезеңде, жастарға консультациялық және тренингтік қызмет көрсететін еңбек нарығына арналған жастарды бейімдеу орталығын құру жоспарланады.

«Жасыл ел» бағдарламасын жүзеге асыруда жастар көптеп қатысатын болады, экономиканың аграрлық, өнеркәсіптік, құрылыс секторын дамыту, сондай-ақ, жастарды еңбекпен қамтуға бағытталған әлеуметтік маңызы бар жобалар жүзеге асырылатын болады. «Жас маман» түсінігі нормативті

бекітіліп, олар үшін минималды әлеуметтік пакет болады. Жастарға техникалық және кәсіптік білім алуға ынталандырудың нақты шаралары жүзеге асып, индустриализация бағдарламасына қатысу жүзеге асырылады. Осы үшін «Еңбекке жолдама» жобасын жіберу жоспарлануда. Бұдан басқа, жұмысшы жастарды өзін-өзі дамыту, еңбек шиеленістерінің алдын-алу үшін жастар ұйымын құру және экономиканың түрлі кәсіпкерлік секторларында жастар саясатының «Еңбекқор» корпоративтік бағдарламасын қабылдау жоспарлануда. Одан басқа, түрлі мамандықтар бойынша Жалпыхалықтық «Семсер» сыйлығын шығару ұсынылады. Жас мамандарды медициналық, педагогикалық, әлеуметтік және аграрлық мамандықтарға тарту үшін ауылдық жерлерде «Дипломмен ауылға!» жобасын жүзеге асыру жалғасатын болады. Одан басқа, ауыл жастарына қала жастарындай тең мүмкіндік жасау мақсатында «Ауылдың тірегі» жобасын жүзеге асыру ұсынылады.

Ауылдық жерде жастар өз кәсібін ашу үшін пайызсыз және кепілсіз қаржыландыруды бөлу тетіктері қарастырылады. Осы мақсатта «Бастауыш фермер» жобасы енгізілетін болады. Жастардың тұрғын-үй мәселесін шешу шаралары қарастырылатын болады. Жатақханалардың санын көбейту, бар жатақханаға күрделі жөндеу жүргізу, сондай-ақ, жекешелендіріліп кеткен студенттік жатақханаларды қайтару[3].

Ең дұрысы – соңғы курстардағы болашақ мамандарға жетекшілік ету, олардың іс-тәжірибеден өтуін ұйымдастыру, оқу орнын аяқтаған жас мамандарды жұмыспен қамту міндеттерін атқаратын арнайы ресурстық орталықтың ұйымдастыруымен оқу ісін іс-тәжірибемен қатар алып жүру. Мұндай орталықтың қызметі Алматы қаласында түрлі мамандықтар бойынша әртүрлі мекемелердегі жұмыс орындары туралы мәліметтер қорын құру болуы мүмкін. Мәліметтер қорын құру, ағымдағы бос орындар мен болашақта босайтын жұмыс орындарын бір орталықтан реттеу – қоғамымыздың басты жарасына айналған жемқорлықты ауыздықтауға мүмкіндік берер еді. Сондай-ақ, жастардың шақырған жерге жұмысқа шыға беруін болдырмай, мамандардың игерген мамандықтары бойынша қызметке тұруына көмек көртсетілуі тиіс. Және де, бұл студенттердің екінші жоғары білім алуына немесе қайта мамандануға жұмсаған шығындарын қысқартып, мемлекеттің тарапынан бөлінетін гранттарға шығындалған қаражат көлемінің құр бос кетпеуін қадағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жас мамандардың игерген мамандықтары бойынша жұмыспен қамтылуы еңбек нарығында қалыптасқан жағдайды түзетуге мүмкіндік береді.

Тағыда бір қорытынды түйінге негізделген ой: жастар саясатын жүзеге асыруда әлеуметтік жұмыс - жастар арасындағы түрлі мәселелері мен жетістіктерін айқындап, оларды дамыту мен шешуге бағатталатын болады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев былай деген еді: «Біздің жас мемлекетіміз өсіп, өркендеп келеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз де онымен бірге өсіп келеді. Олар жақсы білімді, тамаша денсаулықтары бар, өз ұрпағының жауапты және қажырлы өкілдері болады. Олар аталар мұрасын сақтай отырып, нарық экономикасы жағдайында жұмыс істеуге дайын болады. Олар қазақ тілін де, орыс тілін де, ағылшын

тілін де бірдей білетін болады. Олар өздерінің бейбіт өмір сүрген, гүлденген, жедел дамыған, бүкіл әлемге белгілі және құрметті елдің болашақ патриоттары болады»[4].

Жоғарыдағы қанатты сөздерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының болашағы - жастар екені дәлелдеуді қажет етпейтін сөйлем екенін аңғара алатын болдық. Және де, жастар саясатын жүзеге асыруда әлеуметтік жұмыстың рөлі аса маңызды екені байқалды

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңы //Егемен Қазақстан. -2004. -№176. – 14 шілде.
2. Аймақтардағы жастар мәселесі қай деңгейде? // Егемен Қазақстан. 2008 жыл. №18. 23 наурыз;
3. Ешпанова Д. Д., Нысанбаев А. Н. Социальный портрет молодежи в современном Казахстане // Социологические исследования. - 2012. - N 12. - С. 86-95.
4. "Қазақстан 2020: болашаққа жол" Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы